	Өте қажет құрал ол. Тұтас затты бөледі, Ұсақтап та турар мол. (Пышақ) Сабы бар, Басы шатыр. Табысын өлшеп әкеп, Құдыққа тасып жатыр. (Қасық) **(көркем әдебиет)** **«Заттың атын ата» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** заттың тауын айтуға, танып білуге үйрету, сөздік қорын дамыту. **Ойын шарты:** суреттегі ыдыс-аяқтардың атын атау. (Мынау не? Ыдыс-аяқтар. Ыдыс-аяқтарға кесе, тостаған, қасық, шанышқы т.б. жатады). Оларды не үшін қолданатынын жеке-жеке атайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалармен аналарына көмектесуі туралы сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгімелесу. *Ыдыс-аяқ – посуда, қасық – ложка, шанышқы – вилка* сөздерін қайталайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	**ойыны** **Мақсаты:** сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. **Шарты:** балалар шеңбер құрып тұрады. Педагог допты лақтырып, кезек-кезек балаларға сұрақ қояды. – Сенің досың кім? – Сен досыңды жақсы көресің бе? – Досыңа қалай көмектесесің? Допты ұстап, сұрақтарға жауап береді, балалармен достық жайлы әңгімелеседі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **«Досыма арналған сыйлық»** **(Топтық жұмыс)** **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)** **Үйірме жұмыс** **«Сиқырлы тастар»** **"Затты табу" ойыны** **Мақсаты:** тактильді түйсіктердіі дамыту; «Марблс» тастарынан ерекшеленетін заттарды таңдау қабілетін дамыту, (Мысалы: шағын құрылыс материалы, киндер-сюрприз ойыншықтары т.б) **Құрал-жабдықтар:** терең	Қандай керемет! *(Алақандарын жаяды).* **(дене шынықтыру)** **«Суретті құрастырып жина» ойыны** **Мақсаты:** қолайлыэмоционалдық жағдай қалыптастыру. **Шарты:**Қиылған суреттерді құрастырып жинайды(түймедақ, аққекіре).Балалардың білімін нығайту педагог балалардан жыл мезгілдерін атап беруді, олардыңсеруендеген кезде нені аңғарғанын еске түсірулерін сұрайды.Күздің белгілерін атап көрсетеді: күн суытты, аспанды жиі бұлт торлайды, жаңбыр жауады, құстар жылы жаққаұшып кетеді.Гүлдердің суреті салынған картинаны көрсетіп, осы гүлдерді қайдан көргендерін сұрайды.Балалар бұл гүлдерді балабақшадағы гүлзарлардан көргенін еске түсіреді.Балаларды алдағы жұмысқа дайындайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **«Балабақша ауласындағы күзгі**	алып, оның атауын атап береді.Балалар белгілі бір нысанның суреті бейнеленген карточкаларды алады. Қолындағыкарточкасы ның қызметі айтылған функцияға сәйкес келген бала педагогтің жанына(жүгіріп) барады. П: Менің достарым адамның күзде тоңып қалмауына көмектеседі. Б: Күрте, малақай, қолғап, етік, жемпір… **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **«Шынымен жаңбыр жауды! Жаңбырдың, жерге тамшылап жатқан тамшылар»** Әр тамшы мен жердің арасын қарындашпен сызып көрсету, тамшыны мүсіндеу, жапсыру, түсін атау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)**	Жауымнан мен қашқанда, Ағаштарға самғап бағам. Ал қарным ашқанда, Отырып ап жаңғақ шағам. (Тиін) Санай алмай шаршадым – Найзасы бар қанша мың. Батыр емес бірақ та, Қашып жүрер жыраққа. (Кірпі) **(Көркем сөз)** **Сергіту сәті** Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. **(дене шынықтыру)** **Жануарлар келе жатыр» атты дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** жануарлар туралы түсінік қалыптастыру. **Шарты:** Педагог балаларды төрт топқа бөледі: аюлар, қасқырлар, тиіндермен кірпілер. Балалар қуана келіседі. Педагогтің айтуы бойынша жануарлардың

	«Айсұлуға арналған қасықтар» (Топтық жұмыс) **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)**	контейнер, "Марблс" тастары, киндер-сюрприз ойыншықтары. **Тапсырма:** тәрбиеші ашық көзбен тастардың ішінде жасырылған ойыншықтарды алдымен бір, содан кейін екінші қолымен табуды ұсынады. Күрделендіру: көздерді жұмып ойыншықтарды іздеу, ол не екенін анықтау	**гүлдер»** (Топтық жұмыс) **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)**		жүрісін салады. Жануарлардың атын атайды: Аюлар келе жатыр. Қасқырлар келе жатыр. Аю сияқты аяқтарын қатты дүрсілдетіп жүреді. Қасқырдың жүріс салып, аяқтарын қатты дүрсілдетпейді. **(Қоршаған ортамен таныстыру) «Кішкентай көжек» (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)** **Вариативті компонент/Шығармашылық «Шебер қолдар» Тақырып:**«Пирамида» **Мақсаты:** Әр түрлі көлемдегі бұрыштарды бүктеуге үйрету, желіммен ұқыпты жұмыс істеу, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**№ 9**	**№ 10**	**№ 11**	**№12**	**№13**
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына созады, еркін тыныс алу. 2. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын түю, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын бастарына қояды, сол және оң аяқтарын кезекпен көтеру, жоғарыда екеуін қосып ұстап тұру, ақырын түсіру. 4. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебу. Төсектен тұрғызу. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)**				
Бесін ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек тақпағын жаттау".** **Мақсат міндеттері:** Балаларға көжек туралы тақпақты жаттату кезінде оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы	**"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері:** Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын	**Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға қонжықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене мүшелерін, қосалқы	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қоян орманға барады".** **Мақсат-міндеттері:** Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және	**Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр".** **Мақсат-міндеттері:** Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктелуі қасиетімен таныстыру; дөңгелек

	мағлұматтар беру; көжек туралы тақпақ жолдарын мәнерлеп айтуға ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері**: Аңдардың төлдерін тануды үйрету және қазақ тілінде атауға дағдыландыру. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ пен қолдың қимылын сәйкестендіріп, бәріне еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі. **(дене**	естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) **Музыкадан ойын-жаттығу "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері:** Балалардың жаңа әнге қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктерін арттыру. **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қоян". Мақсат-міндеттері:** Қоянның ерекшеліктері арқылы балалардың сөздік қорын молайту және тілін	бөлшектермен толықтырып салуды үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Қонжық".** Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау) **(сөйлеуді дамыту)** **"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:** Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес	атауға жаттықтыру; қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды байқауды үйрету; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны** Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру) **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.**	пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тең екі жарты шеңберге бүктеуді үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. **"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері:** Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жабайы жануарлар". Мақсат-міндеттері:** Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру; жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру.

	шынықтыру)	жетілдіру; қоянның дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауды, басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.	келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**	**Мақсат-міндеттері.** Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".	**Дидактикалық ойын. "Жабайы жануарлардың төлдерін ата".** **Мақсат-міндеттері:** Жабайы аңдар мен олардың күшіктерін табуды үйрету.

Балалармен жеке жұмыс	***Көркем әдебиет*** **«Мен не оқығанымды біл»** - Шығармалардың (өлеңдер, ертегілер, әңгімелер және т. б.) жанрларын ажырата білу. (Диас,Рамазан,Жансүгір))	***Сурет салу*** **Д/о «Кемпірқосақ»** түстерді тану дағдыларын қалыптастыру. (Измира, Мадина,Ерсултан)	***Математика негіздері*** **Д/о«Қанша»** «көп», «біреу, бір» ұғымдарын қалыптастыру (Ахмад,Руслан, Женя,Аяулым)	***Сөйлеуді дамыту*** **«Мені балабақшаға кім алып барды?»** отбасы мүшелері туралы сөйлесу, оларға деген көзқарасын білдіру (Еркебұлан,Әділжан,Айдос	***Дене шынықтыру*** **«Мен ұқыптымын»** мәдени-гигиеналық жұмыстарды орындау кезінде дербестік білдіру қабілетін дамыту. (Нурали, Анеля,Айару,Али-нұр)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?"	Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..."	Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншақ болса ..."	Әңгімелесу. "Баланы еңбекке баулу".	Сөйлеу тілінің бұзушылықтары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер.

Тексерілді:
Әдіскер:_____ Ш.Т.Алпысбаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:МКҚК «№1 бөбекжайы»
Топ: «Көбелек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3-4 жас
Жоспарлаған құрылу кезеңі: 20.11-24.11.2023ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу. Ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру, ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**Саусақ жаттығуы. "Қолғап"** Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші сыңар қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарын ары-бері қозғау) **(сөйлеуді дамыту)**	**"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын атау біліктерін жетілдіру. Барысы: - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім бірінші тапса, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала	**"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүріс кезегін өткізіп алмау. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**	**"Түрлі түсті жолақтар" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**

			жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. **(сөйлеуді дамыту)**		
Таңғы шеңбер	**«Қорқақ қоян»**				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Шаттық шеңбері** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту)**	**Шаттық шеңбері** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! **(сөйлеуді дамыту)**	**"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны** **Мақсат-міндеттері.** Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ	**Шаттық шеңбері** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ

				жеңген болып есептеледі. **(дене шынықтыру)**	шуағым, Қайырымды боламын. **(сөйлеуді дамыту)**
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** «**Ағаштар**» **Мақсаты:** Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауын атауға үйрету. Қарапайым тәжірибе-зерттеу жұмысын жасау қабілетін дамыту. Туған өлкенің өсімдіктер әлемін қорғауға деген құлшынысын арттыру. **Жұмбақ:** Тыныстайды, өседі, бірақ жүре алмайды. Ол не? (ағаш). **(Көркем әдебиет)** **Балалардың назарын балабақша ауласында өсетін ағаштарға аударады.** -Олардың жапырағы бар ма? Неге ағаш құламайды? Оны не ұстап тұр? (Ағашты тамырымен бірге жерге егіп жатқан сәтті бейнелейтін суретті көрсетеді). -Тамыр қатты, ағашты ұстап тұрады және оған нәр береді. Ағаш	**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **«Жел»** **Мақсаты:** Табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсіндіру. Зерттеудің қарапайым тәсілдерін дамыту, есте сақтау, зейін қою қабілетін нығайту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оған қамқорлық жасауға баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Жұмбақ** Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (**Жел**) **(Көркем әдебиет)** **Ауа-райын сипаттау** жаңбыр жауды – жербатпақ болды (дымқыл болды); жел соқты – ағаштардың бұтақтары иіліп, шайқалды; күншығып тұр – дала жылынып,	**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **«Судың қасиеті»** **Мақсаты:**Судың қасиеттері туралы қарапайым түсіндіру. Танымдық белсенділігін дамыту.Табиғаттың сұлулығын көре білу және түсіну,сол сұлулықты сақтап қалуға дегенынтасын күшейту. **(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру)** **Жұмбақ** Жылт-жылт етеді. Жылғалардан өтеді. (**Су**) **(Көркем әдебиет)** **Сергіту сәті** **«Бұлт»** Аппақ бұлт (*Қолдарын алға қойып дөңгелектейді*). Аспанда қалықтап жүр (*Қолдарын жоғары көтереді*). Бұлт биікке көтерілді *(Қолдарын жоғары созады; қолдарын басынан жоғары ұстап,*	**Музыка маманының жоспары бойынша** **«Армысың, қар ұшқыны!» әңгіме** **Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Қыс мезгілі, қар, қыстағы адамдардың тіршілігі туралы түсіндіктерді қалыптастыру. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсіндіру. **(Сөйлеуді дамыту)** **Көркем сөз** Жапалақтап ақша қар, Жауды күнде қайталап. Қарға шықты балалар, Шаңғыларын арқалап. **(Көркем әдебиет)** – Айнала аппақ қар болды. Адамдар жылы киінеді. Тіпті жануарлар да қыстың келгеніне қуанатын сияқты. Олардың да түстері өзгеріп кетіпті. Қоянды	**Қазақ тілі** **«Аңдар қысқа қалай дайындалады?» әңгіме** **Мақсаты:** Балалардың жабайы жануарлар, олардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті туралы түсінігін нығайту және кеңейту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер мен жануарлардың мінез-құлқы арасындағы қарапайым байланыстарды анықтау қабілетін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту)** Жеміс-жидек жегенім, Балды жақсы көремін. (Аю) **(Көркем әдебиет)** **(Қоршаған ортамен таныстыру)**

	тамыры арқылы су ішеді. Ал, ағашқа жапырақтың не қажеті бар? (Сол арқылы дем алады). Ал біз қалай тыныстаймыз? Балаларға түсіндіреді: ағаш өседі,тыныстайды, қоректенеді. Яғни ағаш – тірі нысан деген сөз. Әр ағаштың өзінің аты болады. Ағаш – бұл өсімдік. Бұталар туралы түсінік береді – бірнеше сабағы, бұтақтары, тамыры, жапырақтары болады. Ағаштар мен бұталарды күту қажеттігін түсіндіреді. Ағаштар мен бұталар ауаны тазартады. Бұталардың да аттары бар. **(қоршаған ортамен таныстыру)**. **«Бұл тұқымдар қай ағаштан түсті?» ойыны** **Мақсаты:** байқампыздыққа тәрбиелеу **Шарты:** Қақпағы бұрап ашылатын пластик құтыларға жөк, шаған мен үйеңкінің тұқымдарынсаламыз (әрқайсысын бөлек-бөлек салу керек). Құтылардың	жарқырай түсті; аспанды қара бұлт торлады – күн бұлттанды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сергіту сәті** Самал жел өпті бетімді *(беттерін қолымен желпиді),* Қозғалады ағаштар *(оңға, солға теңселеді).* Жел баяулады *(отырады, қолдарын жоғары-төмен сермейді),* Ағаштар біп-биік болып өседі *(жоғары қарай созылады).* **(Дене шынықтыру)** **Дидактикалық ойын: «Не қажет?»** Мақсаты: зейінді дамыту, шығармашылық сөйлеу қабілетін дамыту. Шарты: Балалар суретте жетпей тұрған бөліктерді анықтайды. Атап айтады.(Күннің шуағы жоқ, жапырақсыз гүл, сусыз жылғадан су ішкелі тұрған лақ) **«Бұлтты аспан» топтық жұмыс** (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) **Үйірме жұмыс**	*оңға, солға бұрып теңселеді).* Жел соғып, Бұлт түнерді *(Қолдарын жоғарыдан төмен қарай айналдырып, үлкен шеңбер сызады; отырады).* **(дене шынықтыру)** **Тәжірибе:** Талқылайды. Анықтайды: су кранда, аквариумда, су құятын ыдыста, шәйнекте бар. Балаларды суды зерттеуге қатысуға шақырады. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын «Жер, су, ауа, от»** Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын,	байқай алмайсың. Онын тоны аппақ қардай. – Бұтақтан-бұтаққа ұшып қонып жүрген көкшымшық, суықторғайларды көруге болады. Оларға қыста жем табу қиынға түседы. Сондықтан адамдар жемсауыт жасап, оларды қоректендіреді. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Тыныс алуға арналған «Боран» ойыны** **Мақсаты:** Тыныс алу дағдысын қалыптастыру. **Шарты:** Пластикалық мөлдір, терең қораптарға ұсақ қағаздар салады. Сонан сон қорапшаға түтікшені салып, оны үрлейді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **«Қар ұшқыны» (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	«**Ақ қоян» ойыны.** Қоян отырса – суық, Аяғын жылытайық. Топ-топ, топ-топ, Аяғын жылытайық. Қоян қыста ақ, ал, жазда ... (сұр). Қояннның құйрығы қысқа, ал құлақтары ...(ұзын). Тиіннің артқы аяқтары ұзын, ал, алдыңғы аяқтары ... (қысқа). Кірпі кішкентай, ал аю ... (үлкен). Қояннның жүні үлпілдек, ал кірпінің тікендері ... (өткір). Тиіннің құйрығы ұзын, ал қояннның құйрығы ... (қысқа). Түлкінің жүні жұмсақ, ал қасқырдың жүні... (қатты). Түлкінің мұрны иіс сезгіш болып келеді. Ол қардың үстінде жүріп-ақ кірпілер мен тышқандардың індерінің қайда екенін сезеді. Соларды аулап жейді. Қояндардың да зәресін алып, қорқытып қояды. **«Қысқы орман»** (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу,

	қақпағында жөке, шаған меңүйеңкінің жапырақтары бейнеленген. Балалар жапырақтарына қарап атайды.**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **«Балабақша ауласындағы ағаштар»** **Топтық жұмыс (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері)**	**«Сиқырлы тастар»** **"Көнілді жылан" ойыны** **Тапсырма:** тәрбиешіқұрттың қалай жорғалайтынын түсіндіреді – түзу сызықта емес, жоғары немесе төмен, кейде тез, ал кейде баяу, кейде алға, содан кейін балаға шынжырдың бағытын айтады, балалар қиыршық тастарды сонда салады, олар келесі нұсқауға дейін болады. Біз алынған шынжыр табанды тексереміз.	аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. «Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **«Құмырадағы су»** **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)**		құрастыру) **Вариативті компонент/Шығармашылық** **«Шебер қолдар»** **Тақырып:**«Аквариумдағы балықтар» **Мақсаты:** Үшбұрыш жасау қабілетін бекіту, қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздігін еске түсіру, бұйымды аппликациямен безендіру, шығармашылығын, байқағыштығын дамыту.

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**№ 14**	**№ 15**	**№ 16**	**№17**	**№18**
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді өз қажеттері жайында айтуды машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдыоһлар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Геометриялық пішіндер әлемі". Мақсат-міндеттері.** Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен оң жақты бағдарлау, есте сақтау	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Бауырсақтың жолы ("Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау). Мақсат-міндеттері.** Балаларға «Бауырсақ» ертегісінің желісін пысықтау.Ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру; ертегі	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Геометриялық пішіндер әлемі". Мақсат-міндеттері.** Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен оң жақты бағдарлау, есте сақтау қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу	**Дидактикалық ойын: «Көкөністерді ата» Мақсаты-міндеттері:** Көкөністер түрін ажырата білу, үйрету.Балалардың сөз қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, Табиғатты сүюге, өсімдіктерді қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, еңбексүйгіштікке, өзгенің еңбегін бағалай	**Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ата» Мақсаты-міндеттері:** геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту,пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Көрнекі құралдар: геометриялық

	қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту. **Жапсырудан ойын-жаттығу** **"Қояндарға құрақ көрпе" (ұжымдық жұмыс).** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды тіктөртбұрыш пішінді кескінді үшбұрыштар арқылы толтырып, ою алаңын құрастыруды үйрету; кескіндердің пішінін, түсі мен көлемін ескере отырып, ою-өрнектерді орналастыру принпицтері жөнінде ұғымдар негізін қалау;	желісін драматизациялау тәртібін үйрету. **Дамытушы жаттығу.** **"Бауырсақтың жолы".** **Мақсат-міндеттері.** Ертегі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Барысы. Әр баланың үстелінің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан. - Балалар, алдарында Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың қасынан өтеді. Қолдарына боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға дейін жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейінгі сызықты үзбей жүргізіп отырады. (танымдық дағдылар)	және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту. **"Мақтаншақ қоян" ертегісінің мазмұнын пысықтау.** **Саусақ жаттығуы.** Қоян құлағын түріп (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату), Аңнан қашып жүреді (алақандарды бастың екі жағына тік тіреу, саусақтарды қозғалту, жыбырлату). Қашып шықса жүгіріп (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау), Аяқтарымен соғады (саусақтарды үстел басына тықылдату). (сөйлеуді дамыту)	білуге тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Көкөністердің суреттері. **(сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлді ойын: «Шаштараз»** **Мақсаты:** балаларды шаштараз жұмысымен таныстыру. Рөлдерге кіріп ойнай білуге үйрету. Шаштаразға келген клиенттермен мәдени түрде қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	пішідер. **(математика негіздері)** Дөңгелек пішінді жемістердің суретін салу. **(сурет салу)**

Балалармен жеке жұмыс	**Сөйлеуді дамыту** Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. **(Арнұр, Нурали,Ерсултан, Еркебұлан, Бексултан)**	**Көркем әдебиет** Қысқа өлең, тақпақтарды айта білуге үйрету **(Диас,Анеля,Аяулым)**	**Көркем әдебиет** Шағын әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдайды. **(Рамазан,Руслан, Ахмад,Айару)**	**Сөйлеуді дамыту** Қалауларын, сезімдерін, ойларын білдіретін сөздерді қолдана алады. **(Женя,Мерей,Айдос,Измира)**	**Дене шынықтыру** Негізгі қимылдардың түрлерін үйретуді жалғастыру **(Жансүгір,Алинұр)**
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың үйге қайтуы	**"Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны"** тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату, балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға практикалық көмек беру.	**Ата-аналарға кеңес.** "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" атты тақырыбында әңгімелесу.	**"Сіздің балаңыз"** тақырыбында әңгімелесу.	Балалар салған суреттеріден көрме ұйымдастыру.

Тексерілді:
Әдіскер:_____ Ш.Т.Алпысбаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:МКҚК «№1 бөбекжайы»
Топ: «Көбелек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3-4 жас
Жоспарлаған құрылу кезеңі: 27.11-01.12.2022ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу. Баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Туынды тап" дидактикалық ойыны.** – Балалар, қазір біз "Туынды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. – Ойынның шартын айтайын. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы	**"Не өзгерді?" д/ ойыны. Мақсат-міндеттері:** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **(сөйлеуді дамыту)** **"Лото "Жануарлар" үстел ойыны Мақсат-міндеттері:** Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруды және жалпы атауларын атауды үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**	**Саусақ жаттығуын айтқызу.** Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету) Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату) Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұрандау) Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұрандау) Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру) Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу) **(сөйлеуді дамыту)**	**"Бұл қай мезгілде болады?" д/ойыны. Мақсат-міндеттері:** Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. **Барысы:** педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** **Саусақ жаттығуы.**	**Санамақтар айтқызу.**"Жеті ұл". Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі - Дүйсенбі, Екіншісі - Сейсенбі, Үшіншісі - Сәрсенбі, Төртіншісі - Бейсенбі, Жұма деген - Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі - Жексенбі. **(сөйлеуді дамыту)** **"Не (кім), қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері:**

	ойнаған балаларға жалауша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(сөйлеуді дамыту)** **"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **Құралдары:** түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**		**"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.** **Мақсат-міндеттері:** Ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**Мақсат-міндеттері:** Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз) **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. **Құралдары:** жан-жануарлардың суреттері. **Мысалы.** Ат - шабады, жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, аяңдайды, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды, сүйрейді. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды, әндетеді.

					(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Таңғы шеңбер	**«Қорқақ қоян»**				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар)** Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Аққала жасайық" д/ойыны.** **Мақсат-міндеттері:** Зейінді, кеңістікті бейнелеуді дамыту; сөйлеуді жетілдіру. **Барысы:** әр баланың алдында әртүрлі көлемдегі 3 шеңбер таратылады. (үлкен, орта және кіші). Балалар олардан үлгі немесе өз ойлары бойынша аққала жасайды. Олар қандай бөлшектердің жетіспейтінін айтады және сипаттайды. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Керісінше" д/ ойыны.** **Мақсат-міндеттері:** Танымдық қабілеттерін дамыту. **Барысы:** педагог логикалық жағынан қате сөйлемді айтады, балалар сөйлемнің дұрыс немесе бұрыстығын табады. **Мысалы:** "Қардың түсі қара ("Жоқ, қардың түсі ақ"), "Аққала ыстық" ("Жоқ, аққала суық"), "Аю орманда жүр" ("Жоқ, аю аланда ұйықтайды"). **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**	**"Қыста не болады?" д/ ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. (сөйлеуді дамыту)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	**"Бұл қай мезгілде болады?" д/ойыны.** **Мақсат-міндеттері** Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. **Барысы:** педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып, тақтаға қатармен іледі. **(сөйлеуді дамыту)**

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Қазақ тілі
	«Марғау қыс мезгіліне қалай таңғалды?» (Әңгіме құрау). **Мақсаты:** балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту, қысқы табиғаттағы әсемдікті көре білуге, сезінуге үйрету.қысқы табиғат көріністері жайында әңгімелесу. балаларға жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту. **(сөйлеуді дамыту)** **Жұмбақ** Еріксе, құйрығымен ойнайды, Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды. (Мысық) **(көркем әдебиет)** **«Қар қандай?»** зерттеу қызметі (математика негіздері) **«Мұздатамын» д \ойыны** **Мақсаты:** балаллардың ойлау қабілетін дамыту.	**«Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз» (дидактикалық ойын).** **Мақсаты:** дидактикалық ойындарды ойната отырып,балалардың сөздік қорын байыту,киім түрлерін ажырату, атай білуге, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.киім түрлерін ажырату, атай білу; Педагог балаларға қуыршақ Маратты серуенге киіндіруді ұсынады. Маратты серуенге шығару үшін қалай киіндіреміз? – Жейде, шалбар, жемпір, малақай, тон, етік. «Т» дыбысының дұрыс, анық айтылуына мән беру. Тон – иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырт киім. **(сөйлеуді дамыту)** **Сергіту сәті:** Санайық жаңаша, Бір, екі, үш! Желбіре, жалауша, Достықта біздің күш! **(дене шынықтыру)**	**«Алтын балық» ертегісі** **Мақсаты:** табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын жетілдіру. Аквариумда тіршілік ететін алтын балық туралы түсіндіру. Балықты қалай қоректендіру керектігін түсіндіру және көрсету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жанды табиғат мүшелеріне қамқор болуға тәрбиелеу **(көркем әдебиет)** **Жұмбақ** – Сусыз өмір сүре алмайды, Аяғы жоқ, жүре алмайды.(Балық) **(сөйлеуді дамыту)** **Дидактикалық ойын «Айтшы қандай?»** **Мақсаты:** Балаларды заттын белгілерін анықтауға үйрету **Шарты:** Тәрбиеші (немесе бала) қоропшаның ішінен, заттарды алып шығады, балалар заттын атауы	**Табиғат бұрышындағы құстарды бақылау.** **Мақсаты:** балаларды жанды табиғат өкілдерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғат бұрышындағы құстың ерекшіліктерімен таныстыру;.Сөздік қорларын «құстың жүні, мамығы», «қанат» деген сөздермен толықтыру. *Әңгіме өткізу.* Балалардан тотықұс туралы білетіндерін сұрайды. Балалардың жауаптарын тыңдап болған соң, тотықұс туралы ақпарат береді. Тотықұс – құйрығы қысқа, түрлі түсті құс. Ол Африка, Америка және Аустралияда тіршілік етеді. Адамдар оны қолға үйретіп, торда ұстайды. Сөйлейтін тотықұстар да бар. Олар сенің айтқаныңды қайталайды. Тотықұстың қанаттарын, тұмсығын,	**Қазақ тілі** **"Қыс қызығы".** **Мақсат-міндеттері:** Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. **"Қалың қардың астында не жатыр?" д/ойыны.** **Мақсат-міндеттері:** Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру. **«Шана тебеміз» (әңгіме құрау)** **Мақсаты:** ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға сөздерге қызығушылығын

